

Бекітемін: 
Мектеп директоры: К. Ешанқұлов

«№40.Г. Мұратбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі «Сыр мен сымбат» қыздар клубының жылдық жоспары

2024-2025 оқу жылы

к/с	Атқарылатын жұмыстар	мерзімі	Түрі	Жауаптылар
1	5-11 сынып қыздарының есебін алу, қыздар жұмысын ұйымдастыру «Қызға қырық үйден тыйым» тақырыбында баяндама	Қыркүйек	Жиналыс	ДТЖО: Ж. Бұхарбаева Мед. Г. Шынаева Қыз.төр: З. Мұсабаева Психол: А. Алимбекова
2	Жергілікті аурухана дәрігерлерімен «Қыздардың жеке гигиенасы» жайлы тақырыпта дәрістер ұымдастыру	казан	Дәрістер	ДТЖО: Ж. Бұхарбаева Мед. Г. Шынаева Қыз.төр: З. Мұсабаева Психол: А. Алимбекова
3	«Күз аруы-2024» байқау өткізу «Ерте жүктіліктің алдын алуы» жиналыс өткізу	караша	Байқау	ДТЖО: Ж. Бұхарбаева Мед. Г. Шынаева Қыз.төр: З. Мұсабаева Психол: А. Алимбекова
4	Дүниежүзілік СПИД-ке қарсы күрес күніне орай «СПИД – ХХІ ғасыр дерті» тақырыбында баяндама оқу Түсіндіру жұмыстарын жүргізу	желтоқсан	Жиналыс	ДТЖО: Ж. Бұхарбаева Мед. Г. Шынаева Қыз.төр: З. Мұсабаева Психол: А. Алимбекова
5	«Қыз бен ұлдың арасындағы достық» тақырыбында 5-8 сынып қыздарына дәріс оқу	желтоқсан	Тренинг сабақ	ДТЖО: Ж. Бұхарбаева Мед. Г. Шынаева Қыз.төр: З. Мұсабаева Психол: А. Алимбекова
6	«От басып қалмашы қазақ қызы» қыздар арасында әңгіме өткізу	қаңтар	Әңгіме	ДТЖО: Ж. Бұхарбаева Мед. Г. Шынаева Қыз.төр: З. Мұсабаева Психол: А. Алимбекова
7	«Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» атты іс шара өткізу	ақпан	Іс шара	ДТЖО: Ж. Бұхарбаева Мед. Г. Шынаева Қыз.төр: З. Мұсабаева Психол: А. Алимбекова
8	«Қыз баланың бой жетуі» тақырыбында 7-10 сынып қыздар арасында жиын өткізу	наурыз	байқау	ДТЖО: Ж. Бұхарбаева Мед. Г. Шынаева Қыз.төр: З. Мұсабаева Психол: А. Алимбекова
9	«Ерте жүктіліктің алдын алуы» жиналыс өткізу «Жыныстық қарым-қатынас арқылы жұғатын аурулар» слайд көрсету	Сәуір	Жиналыс баяндама	ДТЖО: Ж. Бұхарбаева Мед. Г. Шынаева Қыз.төр: З. Мұсабаева Психол: А. Алимбекова
10	Жылдық қорытынды жиналыс «Озар елдің қызы мінезді келеді» дөңгелек үстел	мамыр	Жиналыс Дөңгелек үстел	ДТЖО: Ж. Бұхарбаева Мед. Г. Шынаева Қыз.төр: З. Мұсабаева Психол: А. Алимбекова

Дайындаған ДТЖО:  Ж. Бұхарбаева

Мектепшілік қыздардың негізгі бағыттары

1.Тарихи тұлғалардан өнеге

«Қыз» – ардақты ана, аяулы жар, ұрпақ жалғастырушы, яғни «қыз» деген ұғымға толассыз сөздер толып жатқаны айдан анық. «Қыз» бала болашақ – ана, инабатты келін, ана-әже. Осы үшеуі арқылы ұрпақ өсіріп, ұлт қатарын көбейтеді. Мұхаммед Пайғамбарымыз (с.ғ.а) қыз баланы қатты қастерлеген мынадай даналық сөзі бар: «Қандай отбасында болмасын, қыз бала дүниеге келсе, сол күннен бастап, сол отбасының тілеуін періштелер үздіксіз тілеп отырады».

Ұлттың бойындағы бар жақсы қасиеттерді – тілін, дінін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, дәстүрін баласына, немересіне, немересінен шөбересіне жеткізуші, жалғастырушы, дамытушы әрине, әйел-ана. Сонымен бірге тарихымызда өткен аяулы аруларымыздың бейнесі де үлгі тұтарлық, өнеге аларлық болып табылады. Томирис – Тұран патшасы Афрасиябтың қызы. Патшайым болып ел басқарған батыр қыз. Бөрте ханым – Шыңғыс ханның әйелі. Гауһар – Қабанбай батырдың жары. Домалақ ана (Нұрила) – Бәйдібек бидің әйелі. Қыз Жібек – мәңгілік махаббат символы, Қалампыр ана – Балуан Шолақтың анасы. Қарашаш – Жиренше шешеннің жары. Ұлы Отан соғысында ерлік жасаған қазақтың ер жүрек қыздары – Мәншүк пен Әлия, Желтоқсан оқиғасының батыл қыздары Ләззат Асанова мен Сәбира Мұқаметжанова.

2. Қыздар ұйымының мүшелерінің бейнесін қалыптастыру

Қазақтың ежелгі салт-дәстүрлеріне жүгінсек қазаққыздары ешқашан ер-азаматпен бедел таластыруға ұмтылмағаны белгілі. Әріден келе жатқан әдепті берік ұстанған халық қызын ешкімге қорлатқан емес. Қазақ қашанда қызын әлпештеп өсіріп, оң жақта отырған қызға аңдап қарап, оның «ақылына көркі сай» болуын қадағалаған. Елімізде «қыз» сөзі және жалпы қыздарға байланысты халықтың ұғымында «қыз бала – елдің көркі, халықтың гүлі, өмір-тіршілігі» дегенді білдіреді. Қазақ халқында қызға берілген анықтама, оларға қойылған талап-тілектер, қызды еркелету, қызды тәрбиелеудің үлкен жолға қойылғанын көрсетеді. Ата-бабамыз қашанда қыз балаға ерекше қашанда қыз балаға ерекше қараған.

Қыз балаларды тәрбиелеудің маңызы оларды қоршаған өмір, түрлі жынысты адамдар арасындағы өзара қатынас барысында, осы қатынастардың нормалары болып табылады. Қыз балалардың мінез-құлқын тәрбиелеу бойынша жұмыс оларды нәзіктікке баулу, отбасындағы алатын орны, ептілік пен шеберлік қалыптастыру, сондай-ақ қыздардың сұлулық, махаббат, жақсы қарым-қатынастар сияқты ұғымдармен таныстыруға бағытталған. Гигиеналық жағынан қыз балаларға жыныстық жетілу кезеңінде өздерінде болып жатқан физиологиялық және психоэмоционалдық өзгерістерді түсіндіріп, жеткізе білу. Бұл қыз балалардың қамқорлық, ниет білдіру, жан жылулығы, аяушылық білдіруге тән белгілі бір сезімдерді бастан кешіруіне жағдай жасауға байланысты ұйымдастырылуда. Тек қана рухани тұрғыдан емес қыздарымызды ұлттық киім үлгісін және шаш өруге, тігін тігуге үйрету ескеріледі.

Оқып-үйрену процесінің ерекшелігін және күрделілігін ескере отырып, қыз балалар тәрбиесінің табысты болуына төмендегідей қолайлы жағдайларды жасау барысында жағдайлар ескерілмек:

- Мектептегі жаймашуақ орта;
- Мұғалімдер, сынып жетекшілері тарапынан тәрбиеленуші қыздарға құрмет пен сенім;
- Әрбір оқушы қыз баланың мүдделеріне көңіл қою;
- Айналадағы адамдардың мүдделерін есепке алып, балалардың өзіндік пікірін айтуға қолдау көрсету;
- Мәселелерді шешу барысында тәсілдер табу бойынша жеке мысалдарды өзіндік пікірін айтуға қолдау көрсету.

Мектепте қыз балалардың тәрбиесіне, оларда заман талабына сай әйел идеясын қалыптастыруға және мінез-құлық критерийлерін нақты айқындауға ерекше көңіл аудару қажет.

«Қыздар жұмысы - бұл өзін-өзі жетілдіруге, жеке тұлғаны дамытуға, салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруға, ұлттық дәстүрлерді зерделеуге бағытталған ортақ мүдделері бар жалпы білім беретін мектептерінің 12-17 жастағы жасөспірім қыздарды біріктіру жолы болып табылады.

«Қыздар жұмысы» қыздар клубы облыстық Ережеге сәйкес әр мектепте құрылады және облыстық іс-шаралар жоспарына сәйкес мектептің іс-шаралар жоспары әзірленеді. Қыздар клубының жетекшісі болып директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп психологы, әлеуметтік педагог тағайындалуы мүмкін. Әдетте, қазақ отбасында қызға деген көзқарас пен құрмет ерекше. Өздеріне деген ерекше махаббатты қыздар өмір бойы сезініп өтеді. Әйел өзінің мінез-құлқын, өмір салтын, киімін, сыртқы келбетін бақылайды. Әйелдің басты мақсаты-отбасы ошағының ұйытқысы болу. Әйелдердің жаны нәзік, сезімтал, жылулық пен қамқорлыққа аса мұқтаж. Қыздар болашағы жарқын болу үшін жағымды сәттері көбірек болуы тиіс. Кейде қыздарға ата-ананың ыстық ықыласы жетпей жатады. Жасөспірім балалардың өмірінде қарым-қатынастың маңызы зор. Қарым-қатынас арқылы балалар қоғамның және әлеуметтік ортаның әдептілік нормалары мен қағидаларын меңгереді. Клубтың құрудың өзектілігі заманауи қоғамдағы қыздардың теріс қылықтары себеп болды. Жыныстық саладағы аурулардың көбеюі, жоспарланбаған ерте жүктілік, түсік тастау, психобелсенді заттектерді қолдану, қылмыс белсендіктің өсуі байқалады.

өз қызметінде келесі принциптерге сүйенеді: - әр оқушының жас және жеке басының ерекшеліктерін есепке алу;

- мейірімді психологиялық климат;
- іс-шараларды ұйымдастыруға жеке-белсенді көзқарас;
- жұмысты ұйымдастырудың түрлері мен әдістерінің оңтайлы үйлесімі және олардың қызметін тиімді қолдану;
- адамгершілік, ашықтық, қолжетімділік.

6. Қызмет мазмұны

- Клуб өз қызметін тегін ерікті негізде жүзеге асырады.
- Клуб мүшелерінің мүдделерін ескере отырып, Клуб өз қызметінің бағдарламасын өз бетімен әзірлейді.

«№40 Ғ. Мұратбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі қыздар арасында өткізілген жиналыстың хаттамасы

Ғ. Мұратбаев ауылы

16.09.2024ж

Қатысқандар:

Сынып жетекшілер 18
8,9,10,11 сынып қыздары

Күн тәртібінде:

1. Оқушылар мектептің ішкі тәртіп ережесін сақтауы
2. «Қызды қырық үйден тыйым» баяндама
3. Түрлі мәселелер

Тыңдалды:


Директордың тәрбие ісі жөіндегі орынбасары Ж. Бухарбаева бүгінгі жиналыстың күн тәртібімен және де келген қонақпен таныстырды. Бірінші мәселе бойынша мектептің ішкі тәртіп ережелерімен таныстырды. Оқушылардың мектеп формасын сақтауы, шаштың түсін өзгертуі, бет әлпетінің бояуы жайлы түсіндірді. Қазіргі қоғамның дамуы мен мемлекеттің өркендеуі келешек аналар қолында, қыз баланың тәрбиесіне де байланысты көптеген отбасында әңгіме қозғалмайды, бұл дұрыс емес. Қазіргі кезде барлық оқушыларымыз смартфонды бейберекет қолданады. Отбасында ананың қыз баласымен сөйлесуге уақыт таба алмайды. Оқушыларымыз күндік жұмыстарға да шығуда. Міне осындай нәтижесінде қыз балалардың арасындағы кикілжіңдер де көбеюде, қыз балалардың тәрбиесі бұзылып жатыр. Құрметті оқушылар біздің елдің келешегі сіздердің қолдарыңызда деп өз сөзін аяқтады.

Екінші мәселе бойынша сөз алған қыздар кеңесінің төрайымы Мұсабаева З «Қызды қырық үйден тыйым» жайлы баяндама оқыды. Баяндамада қыздардың тәртібі, мінез-құлқы, киімдері, қыздардың мектептегі жүріс-тұрысы жайлы, бұрынғы кездегі қыздар мен қазіргі кездегі қыздар арасындағы тәртіп, тәрбие жайында айтты. Осы тақырыпта қыздар өз ойларын ортаға ашық түрде салды. Қыздар тәрбиеге ата-ананың, мұғалімдердің де ықпалы зор екендігін айтып өтті. Мектеп қабырғасында әрдайым формамен жүру керектігін айтты. Тәртібі нашар, шаштарының түстерін өзгерткен қыздарға қатаң ескертулер жасады.

Жарыссөзге шыққан мектебіміздің ардақты ұстазы қазақ тілі пәнінің мұғалімі Б. Субанова сөзге шығып, газет беттеріндегі «Қызға қырық үйде тыйым» секілді мақаланың астарында көптеген тәрбиелі сөздер айтылатындығы түсіндірді. Оқушы қыздарымызғы тәрбиелі мағыналы мақалаларды оқу керектігін айтып өз сөзін аяқтады. Мектеп медбикесі Г. Шынаева сөз алып қазіргі заманда кәмелетке толмаған қыздар арасында болып жатқан жүктілік жайлы сөз қозғады. Әр қыз баланың жаман әдеттен аулақ ұстауы жайлы айтып өтті. Қыздар кеңесінің төрайымы Мұсабаева Злиха қазақ қыздарына тән инабаттылық, сәлемдесу, алдыңғы және кейінгі қыздарды салыстырып тек жақсы қасиеттерін бойларына сіңірудің жөн екендігін сөз етті.

Қаулы етеді:

1. Оқушыларға берген ақыл – кеңестері қанағаттанарлы деп табылсын.
2. Мұсабаеваның «Қызды қырық үйден тыйым» тақырыбындағы баяндамасы қанағаттанарлы деп табылсын.

Жиналыс төрайымы:  Ж. Бухарбаева
Хатшы:  З. Мұсабаева



«№40 Ғ. Мұратбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі қыздар жиналысының Хаттамасы 2

Ғ. Мұратбаев ауылы

08.10.2024ж

Қатысқаны:

8,9,10,11 сынып қыздары

Күн тәртібі:

1. Ерте жүктілікті алдын алу
2. Баяндама «Қыздардың жеке гигиенасы», «Қыз тәрбиесі- ұлт тәрбиесі»
3. Өртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж. Бұхарбаева бүгінгі жиналыстың күн тәртібімен таныстырды. Ол өз сөзінде қазақ халқының қызға қатысты әдет-ғұрып, салт дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, қыз балаға келешекте аяулы ана, асыл жар, шаңырақтың құт берекесін екендігін ұғындырып, әдептілікке сыпайылыққа ар тазалығын жоғары ұстау керектігін және күн тәртібіндегі басты мәселе салауатты өмір салтын қалыптастыру мен мектеп жасындағы қыз балалардың арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу екендігін айтып, сөз кезегін мектеп медбикесі Г. Шынаеваға берді.

Сөз алған Г. Шынаева оқушы қыздарға ерте жүктіліктен салдары қандай болатындығы, оның адам өміріне тигізетін келешектегі қауіп қатері туралы сөз қозғады. Қыз баланың жеке гигиеналық тазалығын сақтай білуге үйрету, зиянды әрекеттер туралы теріс көзқарастарын қалыптастыру жайлы түсініктемелер мен хабарламалар жасай отырып, «Қыздардың жеке гигиенасы» баяндамасын оқыды.

Өртүрлі мәселелер бойынша мектеп тәлімгері З. Мұсабаева кешкі мезгілде көшеге шықпау, бөгде адамдармен сөйлеспеу, әлеуметтік желілерді тиімсіз пайдаланбау және тиым салынған сайдтарға кірмеу керектігін түсіндірді. Қыз тәрбиесі бойынша мектепте атқарылып жатқан іс шаралар мен ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында атқарылған жұмыстар жайлы айтып өтті.

Қаулы етеді:

1. Ерте жүктілікті алдын алу мақсатында өткізілген жиналыстың күн тәртібіндегі қаралған мәселелер жүйелі түрде қадағалансын.
2. Мектеп медбикесі Г. Шынаеваның баяндамасы қанағаттанарлы деп табылсын.

Қыздар кеңесінің төрайымы :

Хатшы:



З. Мұсабаева

А. Абдукдаирова



**«№40 Ғ. Мұратбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесіндегі ерте жүктілікті алдын алу мақсатында тақырыпта өткізілген
жиналыстың хаттамасы**

Ғ. Мұратбаев ауылы

14.11.2024ж

Қатысқандар: 1. «Көкбұлақ» амбулаториялық емханасының акушер-геникологы
Досмұратова Хатира
8-11 сынып қыздары

Күн тәртібінде:

1. Ерте жүктіліктің алдын алуы
2. Түрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж. Бұхарбаева бүгінгі жиналыстың күн тәртібімен таныстырды. Сөз кезегін қыздар кеңесінің төрайымы З. Мұсабаеваға берілді. Ол өз сөзінде қыздардың мектептегі жүріс-тұрысы жайлы, бұрынғы кездегі қыздар мен қазіргі кездегі қыздар арасындағы тәртіп, тәрбие жайында айтты. Осы тақырыпта қыздар өз ойларын ортаға ашық түрде салды. Қыздар тәрбиеге ата-ананың, мұғалімдердің де ықпалы зор екендігін айтып өтті. «Көкбұлақ» амбулаториялық емханасының акушер-геникологы Хатира апай ерте жүктілікке қалай тосқауыл қоюға болады жайлы айтылған тәрбиелік мәні бар сөздерге тоқтала кетіп, баяндаманы қанағаттанарлық деп тапты. Акушер-гениколог қыздарға жеке басының гигиеналық тазалығы туралы мәлімет берді. Психолог қыздарға әр дайым тура жолмен жүруді, қандай да бір қиындық туған жағдайда психологқа жүгіну керек екенін айтып өтті. Өзінің жәрдем беретінін де айтты.
2. 11 сынып оқушысы Абдижаппар Н, Оңалбай Т сөз алып осы тақырыпта өз ойын еркін түрде жеткізе алды. Қалған сыныптың қыздары да осы оқушылардың сөзін қолдады.

Қаулы етеді:

1. Мектептегі қыздар арасында осындай пікір-сайыстар әрдайым жүргізілсін.
2. Мамандардың берген ақыл-кеңестері қанағаттанарлық деп табылсын.

Қыздар кеңесінің төрайымы :
Хатшы:



З. Мұсабаева
А. Абдукдаирова



«№40 Ғ. Мұратбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі қыздар арасында өткізілген жиналыстың хаттамасы

Ғ. Мұратбаев ауылы

09.12.2024ж

Қыздар : 8-11 сынып

Күн тәртібінде:

1. «СПИД ХХІ ғасыр дерті» (баяндама) мектеп медбикесі Г. Шынаева
2. Түрлі мәселелер

Тыңдалды:

Директордың тәрбие жөніндегі орыбасары Ж. Бұхарбаева бүгінгі жиналыстың күн тәртібімен таныстырды. Бүгінгі тақырыбымыз «СПИД - ХХІ ғасыр дерті» осы тақырып екенін айта келе, соңғы жылдары жер шары халықтарының назары ғасырдың індеті аталғанын білесіндер. Бұл дерт мыңдаған адамдардың өмірін жойған қатерлі ауру екендігін айтып өтті.

Сөз алған мектеп медбикесі Г. Шынаева «СПИД - ХХІ ғасыр дерті» атты баяндамасын оқыды. Және де түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Келесі сөзге қыздар кеңесінің төрайымы З. Мұсабаева сынып жетекшілер ата-аналармен тығыз байланыста болу керек. Оқушыларымыздың күнделікті жүрісіне мән беруіміз шарт, сабаққа қатысуын қадағалап отыру және де мектеп формасын қадағалау, санитарлық тазалықты бақылау керектігін айтып өз сөзін аяқтады.

Қаулы етеді:

1. Г. Шынаеваның «СПИД - ХХІ ғасыр дерті» тақырыбындағы баяндамасы қанағаттанарлы деп табылсын
3. Ұстаздардың берген ақыл –кеңестері қанағаттанарлы деп табылсын.

Мектеп қыздар кеңесінің төрайымы :
Хатшы:



З. Мұсабаева
А. Абдыкадырова

«№40 Ғ. Мұратбаев атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесіндегі қыздар жиналысының

Хаттамасы

Ғ. Мұратбаев ауылы

23 .01.2025ж

Қатысқаны:

Мектеп психологы А. Абдукадырова

Мектеп медбикесі Г. Шынаева , М. Байназарова

6,7,8,9,10,11 сынып қыздары

Күн тәртібі:

1. Ерте жүктілікті алдын алу бойынша мектеп медбикесі М. Байназарова
2. «От басып қалмашы қазақ қызы» тақырыбында баяндама мектеп психологы А. Абдукадырова
3. «Мектеп қабырғасында қыз бала қандай болу керек?»
4. Әртүрлі мәселелер
5. Тындалды:

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж. Бұхарбаева бүгінгі жиналыстың күн тәртібімен таныстырды. . Ол өз сөзінде қазақ халқының қызға қатысты әдет-ғұрып, салт дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, қыздар кеңесінің төрайымы З. Мұсабаеваға сөз берді.

Сөз алған З. Мұсабаева қыз балаға келешекте аяулы ана, асыл жар, шаңырақтың құт берекесін екендігін ұғындырды. «Мектеп қабырғасында қыз бала қандай болу керек?» тақырыбында сөз қозғады. Қыздарымыз тақырып бойынша өз пікірлерін айтты. Мектеп қабырғасында қыздар инабатты, ибалы, сабырлы, бір бірімізбен сыйласа білу керек. Жәнеде мектеп формасымен жүруіміз керек. Өздері жасаған қателіктері сіңлі құрбылары қайталамау керек екенін ұғындырды. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білейік деп қыздар сөздерін аяқтады .

Келесі сөз алған мектеп психологі Абдукадырова А «От басып қалмашы қазақ қызы» тақырыбында баяндама оқыды. Және мектеп медбикесі Байназарова М оқушы қыздарға ерте жүктіліктің салдары қандай болатындығы, оның адам өміріне тигізетін келешектегі қауіп қатері туралы сөз қозғады және қыз баланың жеке гигиеналық тазалығын сақтай білуге үйрету, зиянды әрекеттер туралы теріс көзқарастарын қалыптастыру жайлы түсініктемелер мен хабарламалар жасай отырып, қыздардың жеке гигиенасы жайлы түсіндіріп өтті.

Әртүрлі мәселелер бойынша ДТЖО. Бұхарбаева Ж апай кешкі мезгілде көшеге шықпау, бөгде адамдармен сөйлеспеу, әлеуметтік желілерді тиімсіз пайдаланбау және тиым салынған сайттарға кірмеу керектігін түсіндірді.

Қаулы етеді:

1. Ерте жүктілікті алдын алу бойынша «От басып қалмашы қазақ қызы» тақырыбында өткізілген жиналыстың күн тәртібіндегі қаралған мәселелер жүйелі түрде қадағалансын.

Қыздар кеңесінің төрайымы:

Хатшы:

З. Мұсабаева

А. Абдукадырова

«№40 Ғ. Мұратбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі кезектен тыс қыздар жиналысының хаттамасы

Ғ. Мұратбаев ауылы

28.02.2025ж

Қатысқаны:

«Көкбұлақ» амбулаторлық емханасының бас дәрігері А. Тураева
Акушер гинекологы Қ. Досмуратова
Бас медбикесі Ж. Турғунбекова
8,9,10,11 сынып қыздары

Күн тәртібі:

4. Ерте жүктілікті алдын алу
5. Баяндама «Қыздардың жеке гигиенасы» мектеп медбикесі Г. Шынаева
6. Өртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж. Бұхарбаева бүгінгі жиналыстың күн тәртібімен таныстырды. Жәнеде бүгінгі жиналысқа келген медицина қызметкерлерімен таныстырды.

Сөз кезегін «Көкбұлақ» амбулаторлық емханасының бас дәрігері А. Тураеваға берді. Ол өз сөзінде ерте жүктіліктің алдын алу мәселелері бойынша және ерте жүктіліктің алдын алу шараларының маңыздылығын айтты.

Келесі сөз кезегін «Көкбұлақ» амбулаторлық емханасының акушер гинекологы Қ. Досмуратоваға берілді. Ол өз сөзінде оқушы қыздарға ерте жүктіліктен салдары қандай болатындығы, оның адам өміріне тигізетін келешектегі қауіп қатері туралы сөз қозғады. Қыз баланың жеке гигиеналық тазалығын сақтай білуге үйрету, зиянды әрекеттер туралы теріс көзқарастарын қалыптастыру жайлы түсініктемелер мен хабарламалар жасады.

Сөз кезегі мектеп медбикесі Г. Шынаеваға берілді. Ол «Қыздардың жеке гигиенасы» атты баяндамасын оқыды.

Директорды оқу ісі жөніндегі орынбасары М: Турсынбаева қазақ халқының қызға қатысты әдет-ғұрып, салт дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, қыз балаға келешекте аяулы ана, асыл жар, шаңырақтың құт берекесін екендігін ұғындырып, әдептілікке сыпайылыққа ар тазалығын жоғары ұстау керектігін және күн тәртібіндегі басты мәселе салауатты өмір салтын қалыптастыру мен мектеп жасындағы қыз балалардың арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу екендігін айтып, өз сөзін аяқтады.

Өртүрлі мәселелер бойынша мектеп тәлімгері З. Мұсабаева кешкі мезгілде көшеге шықпау, бөгде адамдармен сөйлеспеу, әлеуметтік желілерді тиімсіз пайдаланбау және тиым салынған сайттарға кірмеу керектігін түсіндірді. Қыз тәрбиесі бойынша мектепте атқарылып жатқан іс шаралар мен ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында атқарылған жұмыстар жайлы айтып өтті.



Қаулы етеді:

3. Ерте жүктілікті алдын алу мақсатында өткізілген жиналыстың күн тәртібіндегі қаралған мәселелер жүйелі түрде қадағалансын.
4. Мектеп медбикесі Г. Шынаеваның баяндамасы қанағаттанарлы деп табылсын.

Қыздар кеңесінің төрайымы :
Хатшы:



З. Мұсабаева
А. Абдуқдαιрова



«№40 Ғ. Мұратбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесіндегі қыздар жиналысының хаттамасы

Ғ. Мұратбаев ауылы

03.04.2025ж

Қатысқаны:

Зейнеткер ұстаз Қ. Биғараева

Аяулы әжеміз Злиха

«Көкбұлақ» амбулаториялық емхананың психологы Б. Бартаева

«Көкбұлақ» амбулаториялық емхананың әлеуметтік педагогы Л. Алтаева

ДТЖО: Ж. Бухарбаева

Аға тәлімгер З. Мусабаева

Мектеп медбикелері Г. Шынаева, М. Байназарова

Мектеп психологы А. Алимбекова

8 сынып қыздары

Күн тәртібі:

1.Ерте жүктілікті алдын алу

2.Баяндама «Қыз қылығымен сүйкімді: сіз білетін қазақ қызы қандай?»


ДТЖО: Ж. Бухарбаева

3.Баяндама «Ерте жүктілікті алдын алу» мектеп медбикесі Г. Шынаева

4.Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

Қыздар кеңесінің төрайымы З. Мусабаева бүгінгі жиналыстың күн тәртібімен және шақырылған қонақтармен таныстырды. Сөз кезегін директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж. Бұхарбаеваға берді. Сөз алған директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж. Бухарбаева «Қыз қылығымен сүйкімді: сіз білетін қазақ қызы қандай?» тақырыбында баяндама оқыды. Ол қыз өмірдің гүлі, барлық адамзаттың қадірлеп, аялайтын асыл аруы, қыз баланы қазақта кішкентайынан мәпелеп, аялап, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсірген. Жалғандағы нәзіктік пен пәктікті, инабаттылықты әрбір қазақ қызының бойын сіңіріп өсірген деп баяндап, және де қазақ халқының қызға қатысты әдет-ғұрып, салт дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, қыз балаға келешекте аяулы ана, асыл жар, шаңырақтың құт берекесін екендігін ұғындырып, әдептілікке сыпайылыққа ар тазалығын жоғары ұстау керектігін айтты. Біздің бүгінгі күн тәртібіміздегі басты мәселеміз мектеп жасындағы қыз балалардың арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу екендігін айтып, сөз кезегін мектеп медбикесі Г. Шынаеваға берді.



**«№40 Ғ. Мұратбаев атындағы жалпы білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Баяндама

**Тақырыбы: «Қыз қылығымен сүйкімді: сіз білетін қазақ қызы
қандай?»**

Дайындаған: ДТЖО: Ж. Бухарбаева

2024-2025 оқу жылы